

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2002 жылғы 30 шілде N 849.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 30 қарашада Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі - Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Үкіметтері,

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың (бұдан әрі - есірткілер) заңсыз таралуының және оларды медициналық тұрғыдан тыс пайдаланудың, әсіресе әйелдер мен кәмелетке толмағандар пайдалануының ауқымына үлкен алаңдаушылық білдіре отырып,

есірткілерді теріс әрекетте пайдаланудың ғаламдық сипатқа ие болғанын, ол барлық адамзаттың өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіретінін және осы зұлымдықты жекелеген мемлекеттердің күшімен жою мүмкін еместігін ұғына отырып,

есірткі және прекурсорлар заңсыз айналымының жолын кесу барлық мемлекеттердің ұжымдық міндеті болып табылатынын мойындай отырып,

осы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің аумағын есірткі мен прекурсорлардың контрабандасы мен заңсыз транзиті үшін пайдаланудың ұлғаюына алаңдаушылық білдіре отырып,

есірткінің заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы күрес ісінде Тараптардың ынтымақтастығын нығайту Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттер халықтарының түбегейлі мүдделеріне жауап береді деп есептей отырып,

1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияға Z980257_ жасалған түзетулер туралы 1972 жылғы хаттамаға сәйкес оған түзетулер енгізілген 1961 жылғы

Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияны, 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияны Z980249_ , Біріккен Ұлттар Ұйымының 1988 жылғы Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы конвенциясын Z980246_ , 1988 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының XX арнаулы сессиясында қабылданған саяси декларация мен шешімдерді, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының осы мәселеге қатысты басқа да шешімдері мен ұсыныстарын назарға ала отырып,

халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Тараптар ұлттық заңнамаға сәйкес есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестің келісілген стратегиясы мен бірлескен шараларын әзірлеу ісінде ынтымақтасатын болады, өз қызметін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде осы бағытта үйлестіреді, барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық және өзге де ұйымдардың, азаматтардың күшін біріктіреді, сондай-ақ нашакорлыққа және есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндігін пайдаланады.

1.1-бап

Пайдаланылатын терминдер

Осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын терминдердің мынадай мағыналары бар:

есірткі мен прекурсорлардың ұлттық тізімі (бұдан әрі – ұлттық тізім) – тиісті халықаралық конвенциялар мен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заңнамасы негізінде белгілі бір тізімге біріктірілген бақылауға жататын есірткі мен прекурсорлар тізбесі;

есірткі – ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағында айналымына тыйым салынған немесе шектелген және бақылауға жататын, тиісті халықаралық конвенцияларда осылай жіктелген және (немесе) ұлттық тізімге енгізілген шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар, препараттар, өсімдіктер;

психотроптық заттар – ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағында айналымына тыйым салынған немесе шектелген және бақылауға жататын тиісті халықаралық конвенцияларда осылай жіктелген және (немесе) ұлттық тізімге енгізілген шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар, препараттар, өсімдіктер, сондай-ақ кез келген табиғи материалдар;

препараттар – құрамында ұлттық тізімге енгізілген бір немесе бірнеше есірткі және (немесе) психотроптық заттар бар, кез келген физикалық күйдегі заттар қоспасы;

есірткінің прекурсорлары (бұдан әрі – прекурсорлар) – есірткіні өндіру, дайындау және қайта өңдеу кезінде пайдаланылатын, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағында айналымына тыйым салынған немесе шектелген, ұлттық тізімге енгізілген және бақылауға жататын заттар;

есірткі тектестер (бұдан әрі – тектестер) – тиісті халықаралық конвенцияларда есірткілер немесе психотроптық заттар мен прекурсорлар ретінде жіктелмеген және ұлттық тізімге енгізілмеген, химиялық құрылымы мен қасиеттері психобелсенді әрекет туындататын есірткінің химиялық құрылымы мен қасиеттеріне ұқсас, айналымына тыйым салынған заттар;

туынды есірткілер (бұдан әрі – туындылар) – дербес позицияда ұлттық тізімге енгізілмеген, химиялық құрылымы тиісті есірткінің немесе психотроптық заттардың химиялық құрылымдығы бір немесе бірнеше сутегі атомдарының, галогендердің және/немесе гидроксильді топтардың бір валентті және/немесе екі валентті атомдарға немесе алмастырушыларға (гидроксильді және карбоксильді топты қоспағанда) сәйкес келетін алмасуымен (формальды ауыстыру) қалыптасқан, шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар, олардың көміртегі атомдарының жиынтық саны тиісті есірткі немесе психотроптық заттардың бастапқы химиялық құрылымындағы көміртегі атомдарының санынан аспауы тиіс.

Егер бір зат бірнеше есірткінің немесе психотроптық заттардың туындысына жатқызылса, ол есірткінің немесе психотроптық заттардың туындысы деп танылады, оның химиялық құрылымын өзгерту алмастырушылардың және/немесе атомдардың ең төмен санын енгізуді қажет етеді;

жаңа әлеуетті қауіпті психобелсенді заттар (бұдан әрі – психобелсенді заттар) – өмір мен денсаулыққа қауіпті, адамның есірткілік немесе өзге де уытты масаң күйін туындататын, шығу тегі синтетикалық немесе табиғи, оған қатысты санитарлық-эпидемиологиялық талап не олардың айналымын бақылау шаралары белгіленбеген заттар;

есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымы – ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заңнамасы бұзылып, жүзеге асырылатын есірткі мен прекурсорлардың айналымы;

нашақорлық – есірткіге тәуелді болуға байланысты ауру;

нашақорлық профилактикасы – нашақорлықтың таралуын анықтауға, алдын алуға және себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған саяси, құқықтық, әлеуметтік, мәдени, медициналық, экономикалық, педагогикалық және өзге сипаттағы іс-шаралар жиынтығы.

Ескерту. Келісім 1.1-баппен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.06.2020 № 390 қаулысымен.

2-бап

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Тараптар есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына, сондай-ақ есірткіні теріс әрекетте пайдалануға қарсы іс-қимыл жасауда ынтымақтаса отырып, мынадай негізгі принциптерді басшылыққа алады:

есірткі мен прекурсорлар айналымына қатаң түрде бақылау орнату;

есірткі мен прекурсорлар айналымына байланысты қызметтердің барлық түрлерін мемлекеттік реттеу;

нашақорлықтың және есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларына басымдық беру, есірткіге қарсы насихатқа және есірткіге қарсы тәрбиелеуге бағытталған қызметті ынталандыру;

нашақорлықтың алдын алудың және есірткіге сұранысты азайтудың аса маңызды жария әрекет құралы ретінде есірткіні медициналық тұрғыдан тыс тұтыну үшін жауапкершілікті белгілеу;

нашақорлықты емдеудің жаңа әдістерін әзірлеу және нашақорлықпен ауыратындарды әлеуметтік сауықтыру саласындағы ғылыми зерттеулерді мемлекеттік қолдау;

мемлекеттік емес ұйымдарды және азаматтарды есірткінің таралуына қарсы күреске және нашақорлықпен ауыратындарды медициналық-әлеуметтік сауықтыру мекемелерінің жүйесін дамытуға тарту;

есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл, екіжақты және көпжақты негізде нашақорлықтың алдын алу және оны емдеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

есірткінің заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалану саласында насихатқа және жарнамаға тыйым салу.

3-бап

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Тараптар есірткілер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау, сондай-ақ есірткіні қиянат жасап пайдалану саласында мынандай негізгі бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады:

есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстың жай-күйін талдау;

Тараптардың есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығының құқықтық базасын жетілдіру, халықаралық шарттардың ережелерін ескере отырып, осы саладағы ұлттық заңнаманы үйлестіру;

нашақорлыққа, есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың бірлескен бағдарламаларын әзірлеу;

есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күреске бағытталған БҰҰ конвенцияларының, басқа да халықаралық шарттардың ережелерін орындау үшін келісілген шараларды жүзеге асыру.

4-бап

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ НЫСАНДАРЫ

Тараптар мынадай нысандарда есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастықты жүзеге асырады, олар:

көрсетілген салада қылмыстылықтың жай-күйі туралы жедел, статистикалық, ғылыми-әдістемелік және өзге де ақпаратпен; есірткінің және прекурсорлардың, сол тектестердің, туындыларының, психобелсенді заттардың заңсыз айналымына қатысты трансұлттық қылмыстық топтар және олардың жетекшілері туралы бірыңғай деректер банкіні толықтыру үшін, оның ішінде:

а) ұлттық тізімдер туралы;

ә) ұлттық заңнамаға сәйкес айналымына тыйым салынған психобелсенді заттардың, сол тектестердің және туындылардың тізілімдері (тізбелері, тізімдер);

б) анықталған психобелсенді заттардың, сол тектестердің және туындыларының атаулары, химиялық құрылымы мен формулалары;

в) бір немесе бірнеше ТМД-ға қатысушы мемлекеттің аумағында есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар;

д) Тараптар осындай мәліметтердің құпиялығын қамтамасыз еткен жағдайда немесе халықаралық шарттар негізінде ұлттық заңнамаға сәйкес есірткінің аса ірі мөлшердегі заңсыз айналымы үшін ұсталған адамдар;

е) ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік шекарасы, оның ішінде үшінші елдерге транзит арқылы есірткіні жасырудың және оны заңсыз жылжытудың қолданылатын тәсілдері;

ж) есірткінің және прекурсорлардың, сол тектестердің, туындыларының, психобелсенді заттардың жаңа түрлері, оларды дайындау тәсілдері мен технологиялары, қолданылатын заттар;

з) есірткіні жөнелту үшін трансшекаралық арналарды пайдаланатын ұйымдасқан қылмыстық топтар мен адамдар;

и) есірткіні заңсыз өндіру үшін пайдалануы мүмкіндігін анықтау мақсатында прекурсорлардың айналымы;

к) есірткіні табудың заманауи құралдары мен әдістері;

л) есірткінің және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күреспен, нашақорлыққа қарсы іс-қимылмен байланысты мәселелерді заңнамалық реттеу практикасы;

м) нашақорлық профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен (ұйымдармен) өзара іс-қимыл жасасу туралы мәлімет қамтылған ақпаратпен алмасу.

нормативтік актілермен, жарияланымдармен, әдістемелік оқулықтармен алмасу;
жедел-іздігіру және басқа да іс-шараларды өткізуге өзара көмектесу;

есірткінің және прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты трансұлттық сипаттағы қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру;

мынадай:

а) ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы есірткіні тасымалдау арналарын анықтау, жолын кесу, сондай-ақ олардың заңсыз айналымына байланысты адамдарды анықтау;

б) есірткінің және прекурсорлардың заңсыз айналымынан алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) үшін банктік, коммерциялық және басқа да құрылымдарды пайдаланудың жолын кесу;

в) есірткіні өндіру бойынша жасырын (заңсыз) зертханаларды жою;

г) құрамында есірткі бар дақылдарды заңсыз өсіруді, сондай-ақ құрамында есірткі бар жабайы өсетін өсімдіктердің жайылуын жою;

д) есірткіні тарату үшін интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдаланудың жолын кесу мақсатында келісілген және/немесе бірлескен кешенді ведомствоаралық, профилактикалық және жедел-іздігіру іс-шараларын жүргізу;

іс жүзінде өзара іс-қимыл жасау, есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылға бағытталған халықаралық шарттарды, басқа да нормативтік актілерді әзірлеген кезде жалпы тәсілдер мен принциптерді келісу мәселелері жөнінде өзара консультациялар жүргізу;

нашақорлық проблемаларымен айналысатын мекемелер мен ұйымдар жұмысының тәжірибесін өзара зерделеу, олардың қызметімен танысу үшін жұмыс бабындағы кездесулер өткізу, делегациялар алмасу;

құқық қолдану практикасын зерделеу, іс-шараларды, соның ішінде ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларды дайындау және өткізу, есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестің бірлескен бағдарламаларын, халықаралық шарттарды әзірлеу, осы саладағы ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін тепе-тең негізде мамандардың жұмыс топтарын құру;

есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымының проблемалары жөніндегі бірлескен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;

халықаралық шарттарға сәйкес құқықтық көмек көрсету;

құрамында есірткі бар заттарды табудың техникалық құралдарын әзірлеу және енгізу;

есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес жүргізетін кадрларды даярлау және қайта даярлау;

Тараптар, сондай-ақ нашақорлықты емдеудің, оның алдын алудың, нашақорлықпен ауыратындарды әлеуметтік және медициналық сауықтырудың жаңа әдістерін әзірлеуде және енгізуде ынтымақтасады;

Тараптар осы салада ақпарат алмасуға жәрдемдеседі, оны көтермелейді, сондай-ақ мамандар делегацияларымен алмасуды жүзеге асырады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.06.2020 № 390 қаулысымен.

5-бап

ҚҰЗЫРЕТТІ ОРГАНДАР

Осы Келісімде көзделген ынтымақтастық Тараптардың құзыретті органдарының арасындағы тікелей байланыс арқылы жүзеге асырылады.

Тараптардың құзыретті органдары:

сыртқы істер министрліктері;

бас прокуратуралар (прокуратуралар);

ішкі істер министрліктері;

ұлттық қауіпсіздік органдары мен арнайы қызметтері;

шекара ведомстволары;

кеден ведомстволары;

әділет министрліктері;

денсаулық сақтау министрліктері;

білім министрліктері

және функцияларына есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес , оның алдын алу және ескерту мәселелері жататын басқа да ведомстволар болып табылады.

6-бап

ШЕКАРА АЙМАҚТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Осы Келісім шеңберінде өзінің орталық құзыретті органдарымен келісім бойынша шекара аймақтарының құқық қорғау органдарының арасындағы ынтымақтастық тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

7-бап

КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ СҰРАУ САЛУ

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптардың құзыретті органдарының көмек көрсету туралы сұрау салуы негізінде жүзеге асырылады.

Егер ақпарат басқа Тараптың мүддесін қозғайтындығына негіздеме бар болса, ол осы Тарапқа сұрау салусыз берілуі мүмкін.

Көмек көрсету туралы сұрау салу жазбаша нысанда жіберіледі. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда сұрау салулар техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы немесе ауызша берілуі мүмкін, алайда бұдан кейін олар 72 сағат ішінде жазбаша түрде расталуы тиіс.

Түпнұсқалығына немесе көмек көрсету туралы сұрау салудың мазмұнына күмән пайда болған жағдайда оны растауға сұрау салынуы мүмкін.

Көмек көрсету туралы сұрау салуда:

а) сұрау салушы Тараптың құзыретті органының және сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының атауы;

ә) істің мәнісін баяндау;

б) сұрау салудың мақсаты мен негіздемесі;

в) сұрау салынған жәрдемнің мазмұны;

г) сұрау салуды орындаудың қажетті мерзімі;

ғ) тиісті құжаттарды қосқанда, сұрау салуды орындау үшін пайдалы бола алатын кез келген басқа да ақпарат қамтылуы тиіс.

Тапсырылған немесе жазбаша нысанда расталған көмек көрсету туралы сұрау салуға сұрау салушы құзыретті органның бастығы немесе оның орынбасары қол қояды және ол елтаңбалық мөрмен бекітіледі.

Тараптардың әрқайсысының құзыретті органдары өзара іс-әрекет жасау тәртібін және оларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдардың тізбесін белгілейді, Тараптар бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

8-бап

СҰРАУ САЛУДЫ ОРЫНДАУ

Сұрау салынған Тарап сұрау салуды тез және неғұрлым толық орындауды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Сұрау салу, әдетте, ол келіп түскен күннен бастап, 30 тәуліктен аспайтын мерзімде орындалады, бұл ретте мүмкіндігіне қарай, сұрау салатын құзыретті органның сұрау салуды ол, көрсеткен мерзімде орындауы жөнінде тілегі ескеріледі.

Сұрау салуды орындауға кедергі келтіретін немесе оның орындалуын елеулі түрде кідіртетін мән-жайлар туралы сұрау салушы Тарап дереу хабарланады.

Егер сұрау салуды орындау сұрау салынатын құзыретті органның құзыретіне кірмесе, онда ол сұрау салуды өз мемлекетінің оны орындауға құзыретті органына тапсырады және бұл туралы сұрау салушы құзыретті органға дереу хабарлайды.

Сұрау салынатын Тарап оның пікірі бойынша сұрау салуды тиісінше орындау үшін қажетті қосымша мәліметтерді сұратуға құқылы.

Сұрау салуды орындаған кезде сұрау салынатын Тарап мемлекетінің заңнамасы қолданылады, алайда егер бұл сұрау салынатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келмесе, сұрау салушы құзыретті органның өтініші бойынша оның мемлекетінің заңнамасы қолданылуы мүмкін.

Егер сұрау салынатын Тарап сұрау салуды дереу орындау оның мемлекетінің аумағында жүзеге асырылатын қылмыстық қудалауға немесе өзге де іс жүргізуге кедергі болуы мүмкін деп санаса, ол сұрау салудың орындалуын кейінге қалдыра алады немесе оны сұрау салушы Тараппен консультациялар өткізгеннен кейін қажеттілік ретінде деп белгіленген шарттарды сақтай отырып орындаумен байланыстыра алады. Егер сұрау салушы Тарап ұсынылған шарттармен көмек көрсетілуіне келісім берсе, онда ол бұл шарттарды сақтауы тиіс.

Сұрау салынған Тарап сұрау салушы Тарапқа сұрау салудың орындалу нәтижелері туралы мүмкіндігінше қысқа мерзімде ақпарат береді.

9-бап

СҰРАУ САЛУДЫ ОРЫНДАУДАН БАС ТARTУ

Егер сұрау салуды орындау ұлттық заңнамаға қайшы келеді деп санаса, сұрау салынатын Тарап осы Келісімнің шеңберінде оны орындаудан толық немесе ішінара бас тартуы мүмкін.

Сұрау салуды орындаудан толық немесе ішінара бас тарту туралы бас тартудың себептері көрсетіліп, сұрау салушы Тарапқа жазбаша хабарланады.

10-бап

АҚПАРАТТЫҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫ

Тараптардың әрқайсысының құзыретті органдары, егер оны ұсынған құзыретті орган оны әйгілеуді қажет деп таппаса, екінші Тараптың құзыретті органынан алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдайды.

Құзыретті орган ұлттық заңнамасына сәйкес екінші құзыретті орган сұраған ақпараттың құпиялылығының қажетті деңгейін қамтамасыз етеді.

Осы Келісімнің шеңберінде алынған ақпарат пен құжаттар сұрау салуда көрсетілгендерден және сұрау салынған құзыретті орган келісім бергендерден басқа өзге мақсаттар үшін сұрау салынатын құзыретті органның келісімінсіз пайдаланылмайды.

11-бап

БАҚЫЛАНАТЫН ЖЕТКІЗІЛІМДЕР

Тараптар ұлттық заңнама шеңберінде есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қатысы бар адамдарды анықтау және оларды қылмыстық қудалау мақсатында есірткі мен прекурсорлардың бақыланатын жеткізілімінің әдісін өзара қолайлы уағдаластықтардың негізінде тиісінше қолдануды көздейтін қажетті шаралар қабылдайды.

12-бап

ЖҰМЫС БАБЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕР МЕН КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР

Тараптардың және олардың құзыретті органдарының өкілдері қажет болған жағдайда осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру әселелері бойынша жұмыс бабындағы кездесулер мен консультациялар өткізеді.

13-бап

ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

Тараптар және олардың құзыретті органдары осы Келісімді түсіндіруге немесе оның ережелерін қолдануға байланысты туындауы мүмкін даулы мәселелерді консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

14-бап

ШЫҒЫСТАР

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмесе, осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды Тараптар дербес түрде көтереді.

15-бап

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Тараптар есірткіні бақылау мәселелері жөніндегі халықаралық форумдарда келісілген көзқарастармен шығуға, сондай-ақ осы Келісімнен туындайтын міндеттемелерді орындаған кезде есірткі мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес саласында жұмыс істейтін халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға ұмтылатын болады.

16-бап

БАСҚА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРҒА ҚАТЫСЫ

Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін осы Келісім қозғамайды.

17-бап

ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптардың мүдделі құзыретті органдары қажет болған жағдайда, ведомствоаралық сипаттағы келісімдер жасасады.

18-бап

КЕЛІСІМГЕ ҚАТЫСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

Осы Келісімге Тараптардың келісімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

19-бап

КҮШНЕ ЕНУ ТӘРТІБІ

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағандары туралы қол қойған Тараптардың үшінші жазбаша хабарламалары депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Қажетті рәсімдерді кейінірек орындаған Тараптар үшін олар тиісті құжаттарды депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап Келісім күшіне енеді.

20-бап

КЕЛІСІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап бес жыл ішінде қолданылады. Осы мерзім біткеннен кейін, егер Тараптар өзгеше шешім қабылдаса, осы Келісімнің қолданысы әрбір жолы бесжылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

21-бап

КЕЛІСІМГЕ ҚОСЫЛУ

Осы Келісім оның ережелерін бөлісетін және осы Келісімнен туындайтын міндеттемелерді өзіне қабылдауға дайын басқа да мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылған мемлекеттер үшін осы Келісім қосылу туралы құжатты депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

22-бап

КЕЛІСІМНЕН ШЫҒУ

Тараптардың әрқайсысы шыққанға дейін кемінде алты ай бұрын, бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жіберіп, осы Келісімнен шыға алады.

Минск қаласында 2000 жылғы 30 қарашада бір түпнұсқа данада жасалды.

Түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Комитетінде сақталады.

Әзербайжан Республикасының Молдова Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Армения Республикасының Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін Түрікменстан
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Украинаның Үкіметі үшін
Үкіметі үшін

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы - мемлекеттер келісімінің жобасы бойынша Беларусь Республикасының Ескертпесі

Беларусь Республикасының Үкіметі өзін Келісімнің екінші бабының бесінші абзацысының ережелерімен байланысты деп есептемейді.

*Беларусь Республикасының
Премьер-министрі*

Қоса беріліп отырған мәтін Минск қаласында 2000 жылғы 30 қарашада өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметтерінің Басшылары кеңесінің отырысында қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімге толық сәйкес келетін көшірмесі болып табылатынын осымен куәландырамын. Жоғарыда көрсетілген Келісімнің түпнұсқа данасы Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

*ТМД Атқарушы комитеті
Төрағасының – Атқарушы
хатшысының бірінші орынбасары*